

«ҚазТрансОйл» АҚ-ты әкімшілік жауаптылыққа тарту туралы ақпарат

«ҚазТрансОйл» АҚ Астана қаласы мамандандырылған ауданаралық әкімшілік сотының ұйғарымымен өзгертілген Қазақстан Республикасының Табиғи монополияларды реттеу агенттігінің әкімшілік жаза қолдану туралы 2013 жылғы 14 наурыздағы № 3-12 қаулысымен «ҚазТрансОйл» АҚ-қа мыналарды жасағаны үшін айыппұл түрінде 6000 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде 10 386 000 (он миллион үш жүз сексен алты мың) теңге сомаға әкімшілік жаза қолданылғанын хабарлайды:

- «Табиғи монополиялар және реттелетін нарықтар туралы» Қазақстан Республикасының Заңы 7-бабының 8) тармақшасын бұзудан, атап айтқанда электр энергиясын беру және/немесе тарату жөнінде реттелетін қызметтер көрсетуге арналған ішінара қаралған шарттардың Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 28 қарашадағы №1194 қаулысымен бекітілген үлгі шартқа сәйкес кемеітіндігінен көрінетін Әкімшілік құқық бұзушылық туралы Қазақстан Республикасының кодексі (ӘҚК) 147-5-бабының үшінші бөлігімен көзделген әкімшілік құқық бұзушылық;

- «Табиғи монополиялар және реттелетін нарықтар туралы» Қазақстан Республикасының Заңы 5-бабының 1-тармағы 2) тармақшасын бұзудан, атап айтқанда меншік құқығында өндіріспен және табиғи монополия субъектісінің реттелетін қызметтер көрсетуімен, сондай-ақ Заңға сәйкес табиғи монополия субъектісі үшін рұқсат етілген қызметті жүзеге асырумен байланыссыз мүліктің (№2 спорт алаңшасы, медициналық жабдық) болуынан көрінетін ӘҚК 147-5-бабының үшінші тармағымен көзделген әкімшілік құқық бұзушылық;

- «Табиғи монополиялар және реттелетін нарықтар туралы» Қазақстан Республикасының Заңы 7-бабының 7-2) тармақшасын бұзудан, атап айтқанда 2008 – 2011 жылдар үшін электр энергиясын беру және тарату қызметтері бойынша тарифтік сметаның орындалмауынан көрінетін ӘҚК 147-5-бабының үшінші тармағымен көзделген әкімшілік құқық бұзушылық;

- «Табиғи монополиялар және реттелетін нарықтар туралы» Қазақстан Республикасының Заңы 7-бабының 7-2) тармақшасын бұзудан, атап айтқанда уәкілетті орган бекіткен 2009 – 2011 жылдар үшін электр энергиясын беру және тарату бойынша тарифтік смета баптарымен көзделген қаражатты өңірлік электр желісі компанияларын, пайдаланатын стратегиялық тауарларға шығыстардың өсуін, сондай-ақ табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайларды қоспағанда, бес пайыздан артық көтеруден көрінетін ӘҚК 147-5-бабының үшінші тармағымен көзделген әкімшілік құқық бұзушылық;

- «Табиғи монополиялар және реттелетін нарықтар туралы» Қазақстан Республикасының Заңы 7-бабының 18) тармақшасын бұзудан, атап айтқанда инвестициялық бағдарламаны орындамаудан (6,31%-ға) көрінетін ӘҚК 147-5-бабының үшінші тармағымен көзделген әкімшілік құқық бұзушылық.